

Құрманиязов Ыслам Серікұлының «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» тақырыбындағы 6D020800 – Археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы жөнінде отандық ғылыми кеңесші, т.ғ.к., аға оқытушы Бексеитов Ғалымжан Тұқымбайұлының

ПІКІРІ

Диссертанттың алған тақырыбы осы заманғы археология саласындағы өзекті және жаңашыл болып саналады. Ұсынылған ғылыми диссертациялық жұмысты археологиялық ғылыми зерттеулер жаратылыстану ғылымдарының әдіс-тәсілдері маңызды тақырып болғандықтан, Ы.С.Құрманиязовқа тапсырылған болатын.

Зерттелу нысаны болып табылатын Солтүстік-шығыс Арал маңының бойы тұнған тарихи мәдени мұраға бай өңірлердің бірі болып саналады. Бұл территорияларды ежелгі адамдар сол көне тас дәуірінен игере бастаған. Ыслам Серікұлының диссертациялық жұмысының мазмұны тақырыбын ашатындай ұтымды құрылған. Зерттелу деңгейі, зерттеу методикалары, археологиялық және остеологиялық материалдармен жүргізілген анализдер мен алынған абсолюттік даталар диссертацияның міндеттері мен мақсаттарына толыққанды жеткендігін көрсетеді. Тақырып аясында археология саласының ғылыми айналымына жаңа ескерткіштер анықталып, енгізілген.

Арал теңізі мен аймақтың ежелгі дәуірі ескерткіштері және геологиясын зерттеген А.А.Формозов, С.П.Толстов, А.В.Виноградов, М.А.Итина, Е.Е.Кузьмина және А.Л.Яншин, Н.А.Аладин, И.С.Плотников сынды ғалымдардың ғылыми тұжырымдары сараптай отырып, нақты тұжырымдар жасады.

Диссертациялық жұмысы 3 тарау мен тараушалардан, қысқартулар мен түсіндірме сөздіктен, қортынды және қосымшалардан тұрады. Әр тарау мен тараушалар өз кезегімен сол мазмұнын ашып, ғылыми тұжырымдар мен ойлардың жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Диссертациялық жұмыстың 1-ші тарауы Пәнаралық және археологиялық ізденістер тарихнамасындағы Солтүстік-шығыс Аралдың кейінгі тас және қола дәуірлері: зерттелуі мен теориялық-әдіснамалық негіздеріне арналған. Тарау толыққанды ашылып, дәйекті материалдарды қолдану негізінде жазылған. 2-ші тарауы Солтүстік-

Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры және қола дәуірі ескерткіштерінің геоархеологиясы мен мәдени корреляциясына арналған. Геоархеологиялық зерттеу методикаларын ашылған және белгілі болған археологиялық ескерткіштер мен нысандарда қолдана білу диссертациялық тақырыптың мәні мен мағынасын ашуда атқарған қызметі мен алынған нәтижелерден көрініс тауып отыр. Диссертацияның 3-ші тарауында диссертант аймақтағы ашық түрде кездесетін ескерткіштердің шаруашылық-мәдени типтері мен кезеңдестірілуі мәселесін қарастырған. Аталған тараулардың үйлесімді, бірізділікпен жазылуы және диссертацияда ескерткіштердің жасын анықтау анализдерін қолдануы, оның қыруар еңбек етіп тақырыбты ашуға үлкен күш салғандығын аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, Құрманиязов Ы.С. өзінің диссертациялық жұмысында, алдына қойылған міндеттерді толық жүзеге асырған және зерттеу жұмысының мазмұны негізгі талаптарға толықтай сәйкес. Докторанттың теориялық дайындығының терең екендігін, ғылыми зерттеу әдістемелерін толық игерген, өздігімен ғылыми күрделі мәселелерді шеше алатын қабылатын көрсетті.

Диссертациялық жұмыс ғылыми негізделген, толыққанды аяқталған, ғылыми тұрғыдан жоғары деңгейде жазылған деп айтуға болады. Докторанттың зерттеу нәтижелері 21 ғылыми мақалада, соның ішінде 12 мақала ККСОН-да, 3 мақала Scopus пен Web of Science базасына енген журналдарда жарық көрген. Сондықтан да Құрманиязов Ыслам Серікұлының «Солтүстік-шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» тақырыбындағы 6D020800 – Археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы толыққанды аяқталған еңбек деп санаймын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Тарих факультеті, Археология,
этнология және музеология
кафедрасының доценті,
Т.Ғ.К.

Ғ.Т. Бексеитов

